



Астана қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы « 01 » 11  
№ 106-3108 қаулысына  
21-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің  
«№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы және оған қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган жергілікті атқарушы орган – Астана қаласы әкімдігі (бұдан әрі – Әкімдік) болып табылады.

Кәсіпорынның уәкілетті органы «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

3. Кәсіпорынның толық атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК.

4. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Тұрар Рысқұлов көшесі, № 12.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

5. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

6. Кәсіпорынның дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

7. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық

актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Астана қаласының балаларға мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

11. Кәсіпорын алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) педиатрия; жұқпалы аурулар; невропатология; кардиология; Гастроэнтерология; нефрология; пульмонология; эндокринология; трансфузиология; анестезиология және реаниматология; қалпына келтіру лечение: физиотерапия, массаж мамандықтары бойынша балаларға стационарлық көмек көрсету.

2) зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, серологиялық және жалпы клиникалық зерттеулер;

3) диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық;

4) сараптамалық медициналық қызмет: еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы;

5) фармацевтикалық қызмет: лицензия негізінде өмірлік маңызы бар дәрілік заттарды, сондай-ақ медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу;

6) есірткі құралдарының айналымына байланысты лицензия негізінде жүзеге асырылатын фармацевтикалық қызмет;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сатып алуды жүзеге асыру;

8) иондаушы сәуле шығаратын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу (медициналық рентгендік жабдық);

9) санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызметті ұйымдастыру және жүргізу;

10) алғашқы медициналық-санитариялық көмек;

11) жоғары медициналық оқу орындарымен, колледждермен шарт негізінде мамандарды диплом алдындағы және дипломнан кейінгі даярлауды өткізу; шеберлік сыныптарын, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру;

12) Астана қаласының басқа емдеу-профилактикалық ұйымдарына консультациялық көмекті жүзеге асыру;



13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шеңберінде халыққа және ұйымдарға шарттық негізде ақылы медициналық қызметтер көрсету.

Міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлерін кәсіпорындар тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

12. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілерді жасауға құқылы емес.

13. Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында айқындалған не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, кәсіпорын қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Әкімдіктің, Уәкілетті органның не прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Жарғылық емес қызмет Кәсіпорнын жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

15. Әкімдік:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Уәкілетті орган:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Кәсіпорынның атқарушы органы оның директоры, сондай-ақ байқау кеңесі болып табылады.

18. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген талаптардан басқа, Кәсіпорын директорының таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

19. Кәсіпорын директоры қаржы-шаруашылық қызметі және кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін дербес жауапты болады.

Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

20. Кәсіпорын директоры Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

21. Кәсіпорын директоры дара баспылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

22. Кәсіпорын директоры:

1) сенімхатсыз Кәсіпорын атынан әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхат береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерімен еңбек шартын жұмысқа қабылдайды және бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;

8) белгіленген еңбекақы қоры шегінде еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, Кәсіпорын қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерін қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесін бекітеді;

9) Уәкілетті органға өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатуралар ұсынады;

10) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;



13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Байқау кеңесінің өкілеттіктері:

1) Кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Уәкілетті органға қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражатының және қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

5) Уәкілетті органның Кәсіпорын директорын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және Кәсіпорынның даму жоспарымен бекітілген қаражат шегінде қызметкерлерге, Кәсіпорын директорына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық айлықақыларға үстемеақылар, қосымша қаржы көздерінен сыйлықақылар мен материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Уәкілетті органға Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

10) Уәкілетті органға кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Уәкілетті органға Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Уәкілетті органның, байқау кеңесінің мүшесінің немесе кәсіпорын директорының талабы бойынша шақыра алады.

Егер байқау кеңесінің барлық мүшелеріне оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның бақылау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.



Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру үшін Уәкілетті органның шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

25. Байқау кеңесі төрағасының функциялары:

1) байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және байқау кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;  
 2) байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;  
 3) байқау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;  
 4) байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қояды;  
 5) байқау кеңесінің ұстанымын білдіреді және байқау кеңесінің қызметі туралы, Кәсіпорынның жалпы жай-күйі және Кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қабылданған шаралар туралы Уәкілетті органға есеп береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және байқау кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

26. Кәсіпорынның мүлкін активтер құрайды, олардың құны оның теңгерімінде көрсетіледі.

27. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі:

1) меншік иесі оған берген мүлікті;  
 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті (ақшалай кірістерді қоса алғанда);  
 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

29. Кәсіпорын өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлікті ғана басқара алады.

30. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың сипатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан түсетін жемістер, өнімдер мен кірістер, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту



туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы оның теңгерімінде мүлікті бекіту сәтінде туындайды.

33. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқылы емес.

34. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ осы Жарғының 36-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

35. Осы Жарғының 30-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, меншік иесінің шешімі бойынша мүлікті Кәсіпорыннан заңды түрде алып қойылған жағдайларда шаруашылық жүргізу құқығы тоқтатылады.

Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жатады:

Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына сай келмейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатына сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою.

36. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде Әкімдік Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті ұстау және оны өзге тұлғаға бергенге дейін оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

37. Кәсіпорын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Әкімдіктің жазбаша келісімімен филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.

38. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығында өзіне бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

39. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында немесе Уәкілетті органда өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 37 және 38-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## 6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

41. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке есептелуге жатады.

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.



42. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатады.

43. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасы оларды өндіруге жұмсалған шығындардың толық өтелуін, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Кәсіпорын Уәкілетті органның келісімі бойынша белгілейді.

44. Кәсіпорынның Жарғыда көзделмеген Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған қызметті жасаудан алған кірістері, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды асыра бағалау нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша мүлікті тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### 7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

45. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 174 651 200 (жүз жетпіс төрт миллион алты жүз елу бір мың екі жүз) теңге 69 (алпыс тоғыз) тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезінде толығымен қалыптастырады.

#### 8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

46. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес уәкілетті органмен келісім бойынша кәсіпорын директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

48. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді, ол байқау кеңесінің, директордың, Әкімдіктің бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

#### 9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

49. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.



## 10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

50. Еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Әкімдік белгілейді.

51. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде дербес айқындайды.

52. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларды сыйақылау және өзге де сыйақылар жүйесін Әкімдік белгілейді.

## 11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

53. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

54. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

## 12. Кәсіпорынды қайта құру және тарату

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

56. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Әкімдік жүзеге асырады.

57. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Әкімдік қайта бөледі.

Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған Кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

## 13. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Кәсіпорынның Жарғысына әкімдік өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

---



«АЗАМАТТАРДА АРНАУЛ АН УЛКІЕТІ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРК ЕМЕС АҚИЛОНДЫЛЫҚ

КОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ОИЛАЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЛЫҚТЫҢ ИЛКІКЕ ҚИРҒАҚ

ЖӘНЕ ЗАДЫ ТҮЛГІЛАЛЫҚ ТІКЕК БАСҚАЛМАС

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІСІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН  
Барлығы 9 (тоғыз) парақ  
2022 ж. «15» «11»

Барлық 9 (тоғыз) п.

Тісілген, нөмірленген және марленген

Директор А. Рүстемова

